

**Қазақстан Республикасы Судьялар одағының
нағрадалары мен көтермелеулері туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының нағрадалары мен көтермелеулері туралы ереже Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесінің (бұдан әрі – Судьялар одағының Орталық кеңесі), Қазақстан Республикасы Судьялар одағының аумақтық құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының) судьяларды, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің, оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес құрылатын соттар кеңселерінің қызметкерлерін, сондай-ақ осы Ереженің 1.2-тармағында марапаттау (көтермелеу) субъектілері ретінде көрсетілген өзге де адамдарды елдің сот жүйесін дамытуға сіңірген еңбегі, үлкен жеке үлесі, жоғары кәсіби қасиеттері үшін, қызметтік міндеттерін айрықша адал атқарғаны және қол жеткізген табыстары үшін, сондай-ақ еңбек қызметін ынталандыру, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру ретінде наградтау (көтермелеу) жөніндегі қызметінің тәртібін регламенттейді.

1.2. Марапаттау (көтермелеу) субъектілері:

- судьялар;
- зейнеткерліктегі отставкадағы судьялар;
- сот кеңесінің, оның ішінде зейнеттегі қызметкерлері;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің қызметкерлері;
- өзге де азаматтар, оның ішінде мемлекеттік органдардың, БАҚ-тың, жұртшылықтың, білім беру ұйымдарының өкілдері, ғылыми қызметкерлер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері.

Аталған субъектілерді марапаттау (көтермелеу) - табысты мемлекеттік және қоғамдық қызметі үшін еліміздің сот жүйесі мен судьялар қоғамдастығы алдында олардың еңбегін мойындау белгісі.

1.3. Марапаттау (көтермелеу) бастамашылары:

- Судьялар одағының Орталық кеңесі;

- Қазақстан Республикасы Судьялар одағының аумақтық құрылымдық бөлімшелері (филиалдары).

2. Марапаттау (көтермелеу) қағидаттары

2.1. Судьялар одағы Орталық кеңесінің наградтау (көтермелеу) туралы шешімдері мынадай қағидаттарға негізделуге тиіс:

- заңдылық пен әділеттілік;
- субъектілердің жеке еңбектері мен жетістіктері;
- наградтауға (көтермелеуге) берілетін ұсыныстардың негізділігі мен объективтілігі.

3. Наградтаудың (көтермелеудің) нысандары мен түрлері

3.1. Судьялар одағының Орталық кеңесі наградаларының (көтермелеу) нысандары мен түрлері:

- «Үш би» құрмет белгісі (судьяларға);
- «Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісі;
- «Жеті жарғы» құрмет белгісі;
- «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісі;
- Судьялар одағының Құрмет грамотасы
- Судьялар одағының алғыс хаты;
- бағалы сыйлық;
- көтермелеудің өзге де түрлері.

3.2. Қазақстан Судьялар одағының аумақтық құрылымдық бөлімшелерін көтермелеу нысаны:

- Алғыс хат;
- Құрмет грамотасы;
- Бағалы сыйлық.

4. Марапаттау (көтермелеу) тәртібі мен өлшемшарттары

4.1. Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісі.

Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісі Судьялар одағының жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады.

Судьялар одағының Орталық кеңесі «Жеті жарғы» құрмет белгісін тапсырғаннан кейін «Үш би» құрмет белгісімен, әдетте, кемінде 15 жыл судьялық жұмыс өтілі, сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі жоғары көрсеткіш деңгейі, сот жүйесін дамытуға белсенді қатысқан, мінсіз беделі, судьялар қоғамдастығы алдында айрықша еңбегі бар судьялар (отставкадағы судьялар) марапатталады.

Құрмет белгісінің диаметрі 25 мм дөңгелек нысаны бар. Белгі жартылай алтын жалатылған ақ түсті металдан (мельхиор) жасалған. Белгінің аверсінде ортасында «Үш би», олардың астында «Үш Би» деген жазу, төменде лавр дестесі орналасқан. Белгінің реверсінде шеңбер бойынша «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» деген жазу, одан төмен - төрт таңбалы нөмір бар.

Құрмет белгісін тапсыру кезінде куәлік беріледі. Парақтың сол жағында көгілдір фонда «Үш би» құрмет белгісінің бейнесі және нөмірі орналасқан. Оң жағында көтермелеуді қолдану негіздері сипатталған қазақ тіліндегі мәтін және марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты орналасқан. Төменде Судьялар одағы төрағасының инициалдары (аты, тегі) орналасады, осы жолда ортасында Судьялар одағының мөрі, көтермелеу орны мен жылы қойылады.

«Үш би» құрмет белгісі кеуденің оң жағына тағылады.

Марапаттау туралы өтінішхаттарды Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында қарау кезеңділігі, әдетте, (жылына бір рет) – «24 маусым – Судья және сот қызметкері күні күні» кәсіби мерекесіне қарай.

Бір адам екі рет «Үш би» құрмет белгісімен марапатталмайды.

«Үш би» құрмет белгісінен айыру осы Ереженің 5-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Жоғалғандардың орнына Құрмет белгісінің және оған құжаттың телнұсқаларын беру осы Ереженің 6-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

4.2. «Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісі

«Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісі, әдетте, кемінде 15 жыл судьялық жұмыс өтілі бар, судьялар қоғамдастығы алдындағы ерекше еңбегі, белсенді қоғамдық және сот төрелігін нығайтуға ықпал ететін өзге де қызметі үшін Судьялар одағының мүшелеріне беріледі.

«Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісімен марапаттау туралы өтінішхат бұрын Судьялар одағының Құрмет грамотасымен көтермеленген адамдарға ұсынылады.

«Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісінің сипаттамасы: белгінің диаметрі 32 мм дөңгелек пішінді салпыншағы және планкасы бар. Белгінің салпыншағы ақ түсті металдан (мельхиор) жасалған. Медальдің планкасы ақ түсті металдан (мельхиордан) жасалған және көгілдір түсті қатқыл лентамен тысталған. Белгінің алдыңғы жағынша шаңырақ, таразы, лавр бұтақтары, төменгі жағында «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» деген жазуы бар шиыршық орналасқан. Артқы жағында төрт таңбалы нөмір орналасқан. Белгінің графикалық бейнесі қоса беріледі.

Құрмет белгісін тапсыру кезінде куәлік беріледі. Парақтың сол жағында көгілдір фонда «Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісінің бейнесі және нөмірі орналасқан. Оң жағында көтермелеуді қолдану негіздері сипатталған қазақ тіліндегі мәтін және марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты

орналасқан. Төменде Судьялар одағы төрағасының инициалдары (аты, тегі) орналасады, осы жолда ортасында Судьялар одағының мөрі, көтермелеу орны мен жылы қойылады.

«Судьялар одағының құрметті мүшесі» Құрмет белгісі кеуденің оң жағына тағылады.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында награда туралы өтінішхаттарды қарау кезеңділігі, әдетте (жылына екі рет) - «24 маусым – Судья және сот қызметкері күні күні» кәсіби мерекесіне қарай; «25 қазан - Республика күні» ұлттық мерекесіне қарай.

Бір адам екі рет «Судьялар одағының құрметті мүшесі» Құрмет белгісімен марапатталмайды.

«Судьялар одағының құрметті мүшесі» Құрмет белгісінен айыру осы Ереженің 6-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Жоғалғандардың орнына Құрмет белгісінің және оған құжаттың телнұсқаларын беру осы Ереженің 6-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Түсіндірме ескерту: 4.2-тармақ СО ОК-нің 2023.07.06 қаулысымен енгізілген өзгерістермен.

4.3. Судьялар одағының «Жеті жарғы» құрмет белгісі

Судьялар одағының «Жеті жарғы» құрмет белгісімен, әдетте, кемінде 10 жыл судьялық жұмыс өтілі бар, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде көрсеткіш деңгейі жоғары, сот жүйесін дамытуға белсенді қатысқан, мінсіз беделі, судьялар қоғамдастығы алдында айрықша еңбегі бар, бұрын Құрмет грамотасымен көтермеленген судьялар (отставкадағы судьялар) марапатталады.

Құрмет белгісі диаметрі 30 мм дөңгелек нысанда болады. Белгі ақ түсті металдан (мельхиор) жасалған. Белгінің аверсінде айналдыра «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» деген жазу, ортасында «Жеті жарғы» деген жазу, оның үстінде таразы, төменгі жағында - ұлттық ою-өрнек орналасқан. Белгінің төменгі жағында - төрт таңбалы нөмір.

Құрмет белгісін тапсыру кезінде куәлік беріледі. Парақтың сол жағында көгілдір фонда «Жеті жарғы» құрмет белгісінің бейнесі және нөмірі орналасқан. Оң жағында көтермелеуді қолдану негіздері сипатталған қазақ тіліндегі мәтін және марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты орналасқан. Төменде Судьялар одағы төрағасының инициалдары (аты, тегі) орналасады, осы жолда ортасында Судьялар одағының мөрі, көтермелеу орны мен жылы қойылады.

«Жеті жарғы» Құрмет белгісі кеуденің оң жағына тағылады.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында награда туралы өтінішхаттарды қарау кезеңділігі, әдетте (жылына екі рет) - «24 маусым – Судья және сот қызметкері күні күні» кәсіби мерекесіне қарай; «25 қазан - Республика күні» ұлттық мерекесіне қарай.

Бір адам екі рет «Жеті жарғы» Құрмет белгісімен марапатталмайды.

«Жеті жарғы» Құрмет белгісінен айыру осы Ереженің 5-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Жоғалғандардың орнына Құрмет белгісінің және оған құжаттың телнұсқаларын беру осы Ереженің 6-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Түсіндірме ескерту: 4.3-тармақ СО ОК-нің 2023.07.06 қаулысымен енгізілген өзгерістермен.

4.4. Судьялар одағының «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісі

Судьялар одағының «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісімен, әдетте, бұрын Судьялар одағының Құрмет грамотасымен көтермеленген сот жүйесін дамытуға белсенді қатысқаны, мінсіз беделі, судьялар қоғамдастығы алдындағы айрықша еңбегі және судьялар қоғамдастығындағы белсенді қоғамдық жұмысы үшін соттар кеңсесі мен сот жүйесінің қызметкерлері марапатталады.

Құрмет белгісінің диаметрі 25 мм дөңгелек нысаны бар. Белгі ақ түсті металдан (мельхиор) жасалған. Белгінің аверсінде ортасында: Судьялар одағының логотипі, оның үстінде, айналдыра «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» деген жазу орналасқан. Белгінің реверсінде шеңбер бойынша «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» деген жазу, одан төмен - төрт таңбалы нөмір.

Құрмет белгісін тапсыру кезінде куәлік беріледі. Парақтың сол жағында көгілдір фонда «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісінің бейнесі және нөмірі орналасқан. Оң жағында көтермелеуді қолдану негіздері сипатталған қазақ тіліндегі мәтін және марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты орналасқан. Төменде Судьялар одағы төрағасының инициалдары (аты, тегі) орналасады, осы жолда ортасында Судьялар одағының мөрі, көтермелеу орны мен жылы қойылады.

«Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісі кеуденің оң жағына тағылады.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында наградтау туралы қарау кезеңділігі, әдетте (жылына екі рет) - «24 маусым – Судья және сот қызметкері күні күні» кәсіби мерекесіне қарай; «25 қазан - Республика күні» ұлттық мерекесіне қарай.

Бір адам екі рет «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісімен марапатталмайды.

«Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгісінен айыру осы Ереженің 5-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Жоғалғандардың орнына Құрмет белгісінің және оған құжаттың телнұсқаларын беру осы Ереженің 6-бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Түсіндірме ескерту: 4.4-тармақ СО ОК-нің 2023.07.06 қаулысымен енгізілген өзгерістермен.

4.5. Судьялар одағының Құрмет грамотасы

Судьялар одағының Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасы Судьялар одағына мүшелігі бар адамдарды көтермелеу нысандарының бірі болып табылады. Ол ұжымдарға да берілуі мүмкін. Құрмет грамотасымен бірнеше рет көтермелеуге жол беріледі.

Құрмет грамотасымен көтермелеу туралы өтініш адамдарға сот төрелігін мінсіз жүзеге асырудағы еңбегі, сот жүйесін ұйымдастыру мен жетілдірудегі елеулі табыстары және судьялар қоғамдастығындағы белсенді қоғамдық жұмысы үшін беріледі.

Құрмет грамотасы бұрын Судьялар одағының Алғыс хатымен көтермеленген тұлғаларға ұсынылады.

Құрмет грамотасы алтын түсті қазақ ою-өрнегімен көмкерілген А4 форматты қалың қағаз парағына орналастырылады. Құрмет грамотасының бланкісі шеңберінің жоғарғы бөлігінде ортасында Судьялар одағының логотипі орналасқан, оның екі жағында да (сол жағында) «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы», (оң жағында) «Союз судей Республики Казахстан» көк түсті мәтін орналастырылған. Төменде қазақ тілінде «Құрмет грамотасы» деген жазу бар. Жазудың астында жолдың ортасында көтермелеуді қолдану негіздері сипатталған мәтін және наградталушының тегі, аты, әкесінің аты орналастырылған. Бланк шеңберінің төменгі бөлігінде Судьялар одағы төрағасының инициалдары (аты, тегі) орналасады, осы жолдың ортасында Судьялар одағының мөрі, көтермелеудің орны мен жылы қойылады.

4.6. Алғыс хат

Судьялар одағының алғыс хаты көтермелеу субъектілерін көтермелеу нысандарының бірі болып табылады. Алғыс хатпен бірнеше рет көтермелеуге жол беріледі.

Адамдарға конференцияларды, семинарларды және судьялар қауымдастығының өзге де іс-шараларын дайындауға және өткізуге белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен көтермелеу туралы өтінішхатқа бастамашылық жасалады.

Алғыс хат алтын түсті қазақ ою-өрнегімен көмкерілген А4 форматты қалың қағаз парағына орналастырылады. Алғыс хат бланкісі шеңберінің жоғарғы бөлігінде ортасында Судьялар одағының логотипі орналасқан, оның екі жағында да (сол жағында) «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы», (оң жағында) «Союз судей Республики Казахстан» көк түсті мәтін орналастырылған. Төменде қазақ тілінде «Алғыс хат» деген жазу бар. Жазудың астында жолдың ортасында

көтермелеуді қолдану негіздері сипатталған мәтін және наградталушының тегі, аты, әкесінің аты орналастырылған. Бланк шеңберінің төменгі бөлігінде Судьялар одағы төрағасының инициалдары (аты, тегі) орналасады, осы жолдың ортасында Судьялар одағының мөрі, көтермелеудің орны мен жылы қойылады.

4.7. Көтермелеудің өзге де түрлері

Көтермелеу субъектілерінің жоғарыда аталған жетістіктері мен сіңірген еңбегі үшін, сондай-ақ мерейтой күндерінде жетістіктерді мерекелеуге орай Судьялар одағының Орталық кеңесі бұқаралық ақпарат құралдарында, «Заңгер» тақырыптық журналында Судьялар одағы Орталық кеңесінің атынан құттықтау хатын жариялауға, жеке құттықтауды тапсыруға құқылы.

Судьялар одағының Орталық кеңесі және Судьялар одағының аумақтық құрылымдық бөлімшелері (филиалдары) қаражаты болған кезде Судьялар одағының мүшесіне тиісінше «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің не оның филиалының қаражатынан материалдық көмек көрсетуге де құқылы.

5. «Үш би», «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Жеті жарғы» және «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгілерінен айыру

5.1. «Үш би», «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Жеті жарғы» және «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгілерінен айыру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының, Судьялар одағы төрағасының не Судьялар одағының тиісті филиалы төрағасының ұсынуы бойынша Судьялар одағының Орталық кеңесінің отырысында жүргізіледі.

Құрмет белгілерінен айыру туралы шешім, егер мұндай шешімге кворум болған кезде Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің басым көпшілігі (отырысқа қатысып отырғандар санының кемінде үштен екісі) дауыс берсе, қаулы нысанында жеке қабылданады.

«Үш би», «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Жеті жарғы» және «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгілерін иеленушілерді сөзсіз айыруға заңды күшіне енген айыптау үкімі, соттың өзге актісі және (немесе) қылмыстық қудалау органының ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулысы негіз болып табылады.

«Үш би», «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Жеті жарғы» және «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгілерінен айыру Судьялар одағы Орталық кеңесінің аппаратына құрмет белгілері мен олардың құжаттарын (куәліктерін) қайтаруға әкеп соғады.

Заңсыз сотталған және толық ақталған адамдар сот шешімі бойынша қаулы шығару жолымен Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында құрмет белгілерін иелену құқығымен қалпына келтіріледі.

6. Құрмет белгілері мен наградтау құжаттарын сақтау

6.1. «Үш би», «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Жеті жарғы» және «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» құрмет белгілеріне ие болған адамдар олардың сақталуын дербес қамтамасыз етеді.

Құрмет белгілері мен олардың құжаттары жоғалған жағдайда наградталушылар наградаларға өз құқықтарын сақтайды.

Жоғалған белгілердің орнына құрмет белгілерінің дубликаттары, әдетте, берілмейді. Олар өрттердің, жер сілкіністерінің және наградталған адам оларды жоғалтудың алдын ала алмаған басқа да дүлей зілзалалардың салдарынан жоғалтқан жағдайда ғана, оны жоғалтқан адамның өтініші негізінде Судьялар одағы Орталық кеңесінің шешімімен ерекшелік ретінде берілуі мүмкін. Берілетін Құрмет белгісінің телнұсқасы өтініш берушінің есебінен дайындалады.

Наградтау туралы құжаттар жоғалған жағдайда олардың телнұсқалары оларды жоғалтқан адамдардың өтініші бойынша Судьялар одағы Орталық кеңесінің шешімімен беріледі.
